

МӘДЕНИЕТТАНУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАҚСАТЫ

Жер шарында бір мезгілде, бір уақытта бірнеше мәдениеттер өмір сүріп, бір-бірімен сұхбат құруда. Әр мәдениеттің өзіне тән табиғаты, мінездемесі, ұлттық ерекшеліктері мен қайталанбайтын өзгешелігі бар. Осындай сан алуан мәдениеттерді мәдениеттану деген ғылым саласы зерттейді.

Мәдениеттану – Қазақстан Республикасында әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар арасындағы ең жас ғылым. Тек қана тәуелсіздік алған жылдардан бастап қана қолға алына бастады. Оған себеп, еліміздегі гуманитарлық ғылымға деген қызығушылық.

Мәдениеттану пәні нені зерттейді, құрылымы қандай деген сұраққа жауап бермес үшін ең алдымен мәдениет деген ұғымның анықтамасы мен шығу тарихына жауап берген дұрыс.

Мәдениет - көпқырлы категория. Мәдениет – ұлттың тілі, діні, ділі, ақыл-ойы, эстетика, этика, фәлсафа, әдебиет, мифология, аңыз-әфсана, жыр-толғау, экономика және бүкіл тұрмыс түршілігін қамтитын ұғым. Мәдениет адамның туғанынан бастап, өмірінің барлық кезеңінде бірге жүретін іс-әрекеттерінің жиынтығы.

Мәдениеттану ғылымында мәдениет ұғымына қатысты 500 ден астам анықтама берілген. Дегенмен, мәдениет барлық жерде, күнделікті бізбен бірге жүретін әмбебап құндылық. Мәдениетсіз ұлт, адам болмайды. Кез-келген ұлттың өзіндік болмысы мен өзгеше мәдениеті бар. Ол сол ұлттың табиғи қалпы.

Мәдениеттану - адам қызметінің барлық салаларын қамтитын гуманитарлық ғылым саласы. Мәдениет пен өркениет мәселелеріне деген қызығушылық күннен күнге артуда. Әлемдегі мәдени жетістіктер, бағыттар, жаңа трендтер, мәдени саясат әр алуандылығымен қызығушылық тудыруда. Осының барлығы мәдениет, мәдени антропологияға деген сұранысты тудырады.

Ғылыми айналымда мәдениет ұғымы XVIII ғасырдан бастап белсенді түрде қолданылып мәдениет ұғымына қатысты еңбектер, шығармашылық ізденістердің бастауына айналды. Әсіресе адамның рухани дүниесімен біте қайнасып, оның қабілетіне қарай ұштасты. Ең алдымен адамның білімі мен тәрбиесі алдыңғы қатарға шықты.

Мәдениет туралы мәдениеттану пәні 1980 жылдардан бастап қалыптаса бастады. Мәдениеттану ғылымы кенже қалғанымен мәдениет туралы түсініктер ықылым замандардан бері келе жатқан үрдіс. Оған дәлел ретінде ағылшын тарихшысы, антрополог Эдуард Тэйлордың

«Алғашқы қауым мәдениеті» /1871/ атты антропологиялық еңбегін атап өтеміз. Кітаптың бір тарауын «Мәдениет туралы ғылым» деп атайды.

Тэйлор антропологиялық тұрғыдан мәдениетке бірінші анықтама беріп, мәдениет – адамның білім, өнер, мораль, құқық, діни сенімі бар, заң, әдет-ғұрыптарды игеруі және қоғамның белсенді мүшесі деген тұжырым жасайды.

Мәдениеттану ұғымын Германдық ғалым, философ, химия саласы бойынша Нобель сыйлығының иегері Вильгельм Оствальд /1853-1932/ «Энергетические основы науки о культуре» /1909/ атты еңбегінде мәдениеттану ғылымының ХХ ғасырдағы ғылымдар жүйесіндегі орнын анықтайды.

Мәдениеттану ұғымын ғылыми айналымға американдық ғалым Лесли Уайт 1930 жылдары университетте дәріс оқып жүргенде (1900-1975) «Мәдениет туралы ғылым» /1949/ еңбегінде атап өтеді.

«Мәдениеттегі айырмашылықтар мәдениеттің пайда болуымен бірге пайда болды. Адамзат тарихының ежелгі дәуірінен бастап әр түрлі аймақтардың тұрғындары бір-бірінен сөйлеуімен, әдет-ғұрпымен, наным-сенімдерімен және киімдерімен ерекшеленді. Біз адамның өз тобын басқалардан бөліп тұрған осы айырмашылықтар туралы әрқашан білетініне сенімді бола аламыз. Осылайша, белгілі бір мағынада адамзат әрқашан мәдени санаға ие болды деп айта аламыз» /Уайт Л. Наука о культуре/Пер. с англ. — М.: «Российская политическая энциклопедия», 2004. -960 с. (Серия «Культурология. ХХ век»).

Тура осы ғылыми зерттеу мәдениеттану ғылымының іргетасын қалап, жаңа тұжырымдарды ұсынады. Аталған еңбекте Лесли Уайт мәдениетте үш жүйені: технологиялық, әлеуметтік және идеологиялық деп бөліп көрсетеді. Технологиялық мәдени жүйеде адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас, өндіріс құралдары кіреді. Әлеуметтік мәдени жүйеге – адамдар арасындағы экономикалық, адамшылық, саяси қарым-қатынас, ал идеологиялық мәдени жүйеге – сенім, миф, идея және білім жатады. Мәдениетті көбінесе салт-дәстүрмен байланыстырып қарайды. Соңында ғылыми айналымға «мәдениеттану» ұғымын енгізеді.

Сонымен қатар, 1939 жылы Лесли Уайт «Терминологиядағы ұқсастық мәселесі» мақаласында мәдениеттану ұғымын сілтеме жасау үшін қолданды және ол функционалдық құбылыстармен қатар құбылыстар класы сондай-ақ құндылық, символдық мағынаға ие. Ерекше қабілет адам-символизм-құбылыстар класын құруға мүмкіндік береді, мәдениет деп аталатын және ғылым зерттеген мәдениеттану.

Осылайша, Лесли Уайт (1939 жылдан бастап) мәдениеттану мәдениетті зерттеудің түбегейлі жаңа тәсілі ретінде түсіне бастады. Мамандандырылған жеке ғылымдардан апаратын жол мәдениеттің жекелеген аспектілері мен нысандарын қарастыру, мәдениетті зерттеу болады.

Профессор Тұрсын Ғабитовтың оқулықтарында мәдениет арабтың «маданият» қала, қалалық деген сөзінен енгені туралы айтылады. Оның өзіндік себебі ретінде араб-мұсылман елдеріндегі мәдениет, ғылым, білім, ислам діні, қалалардың өркендеген кезеңімен байланысты.

Мәдениет зерттеушісі, ғалым Ақселеу Сейдімбек «Кең дүниені құшағына сыйдырғандай ұғымдардан бастап, басы жұмыр пенденің тал бойындағы қасиетке дейінгі жағдайды қамтитын алуан түрлі тұжырымдар бар. Мәдениет дегеніміз- адамзат әрекетінің құралы деп келетін жиынтық пікірлер немесе «табиғаттың бергені емес, адам қолынан шыққанның бәрі» деген қарапайым анықтамалар, я болмаса «қоғамдағы адамның қоршаған ортаға бейімделу жолындағы биологиядан тыс құралдар мен механизмдер» дейтін таза абстракциялы ұғымдар да бар». Олай болса, сөзбен айтып жеткізе алмайтын, жүректен алып тастай алмайтын «мәдениет» атты құдіретті күштің қадыр-қасиетін терминдер арқылы анықтай да алмайтын сияқтымыз» - деп мәдениет туралы сыр шертеді.

Дегенмен заманның ағысына қарай мәдениет сөзіне берілетін анықтамаларда өзгеріске ұшырап отырғаны белгілі.

Мәселен, Антика дәуіріндегі полистерде (шағын халқы бар қала-мемлекет) білімді, тәрбиелі, грек болу үлкен мақтаныш. Әр азамат өз полисінің заң, дәстүрін құрмет тұтуға дайын болған. Бұл процесті гректер «пайдея» (баланы тәрбиелеу) деп атады. Тәрбие мен білім беру процесі бірге жүрген.

Алаш қайраткері, ақын Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты оқулығында тәрбие ұғымына қатысты өз тұжырымдарында былай дейді: «Тәрбие кең мағынасымен алғанда, қандайда болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді, адамзат туралы айтқанда, адамның баласын, кәміл жасқа толып, өзіне өзі қожа болғанша, тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі.

Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі нәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны.

Тәрбиеден мақсұт адамды нәм сол адамның, ұлттың, асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу» (М. Жұмабаев. *Педогогика. Алматы, 1992.-160 бет, 13-14 бетте*)

Ежелгі замандағы гректердің білімге, білуге құштарлығы философия ғылымының пайда болуына әкелді. Әр ғылым саласында Ежелгі грек ойшылдары Еуропалықтардың алғашқы ұстазы болғандығы белгілі. Бұл жөнінде неміс ойшылы, филолог Вернер Йегер «Грек мәдениетінің идеяларынсыз ертедегі дүние тарихи кезең болып өмір сүре алмас еді, ал Батыс Еуропалық мәдениет дүниеге келмеген болар еді» деген қорытындыға келеді.

Грек ойшылы Демокрит пікірінше, мәдениетті жасаушы — адам. Ол табиғатқа еліктеп, өз қажеттілігін қанағаттандыру барысында мәдениетті жасайды.

Грек мәдениетінің мақсаты - адам бойында ойлау, пікір айтып пайымдау, сұхбат алу қабілеті мен эстетикалық сезімді арттыру.

Орта ғасырларда мәдениет ұғымы құдай адамды, оның мәңгілік жанын жаратқандығы бірінші орынға шықты. Адамның бақыты өзін тануда емес, Құдайды тануда екендігі басты назарға алынды. Адамның бақыты мен еркіндігі Жаратушының ықпалында болуы мен онымен рухани бірлікте болатындығы айтылады.

Қайта өрлеу (XIV-XVI ғасырларда) заманында, керісінше адам басты құндылық ретінде танылады және антика заманындағы құндылықтарды қалпына келтіруге тырысты. Бұл заманда, әр азамат ең жоғары деңгейге жетіп, өз қабілетімен ғылымда, өнерде, қоғамдық өмірде биік белестерді бағындыруға мүмкіндігі бар екендігі айтылады. Антропоцентризм яғни өмірдің орталық мәселесі адам және оның болмысы, қабілеті бірінші орынға көтеріледі. Адам өзінің қабілет, қасиетімен құдай деңгейіне көтеріле алатындығына мән беріледі.

Жаңа заманда (XVII—XIX ғасырлар) мәдениет - адам өзінің табиғи жаратылысынан-ақ мүмкіндіктері мол, ақылды жан. Сол мол қабілеттерін тиімді пайдаланудың нәтижесінде адам игілігіне сай қоғам құра алатындығына екпін береді. XVII-XX ғасырларда ғылыми төңкерістер орын алып, математикалық-жаратылыстану, тәжірибелік ғылым салалары жаңа деңгейге көтерілді. Географиялық жаңалықтар, атом энергиясы, космосты игеру, гендік инженерия, техника, технологияның қарыштап өркендеген кезімен тұспа тұс келді.

Адамзатты қоғамдық-тарихи тұрғыдан қарастырған ойшылдың бірі — Джанбаттиста Вико. Ол адамзат тарихының үйлесімділік мәселелеріне, оның заңдары мен ережелеріне баса назар аударып,

«Адамзат баласының үздіксіз даму» идеясын ұсынған болатын, бұл идея бойынша әлемдегі барлық ұлттар өз дамуында үш дәуірді басынан кешіреді — «құдайлар ғасыры», «батырлар ғасыры» және «адамдар ғасыры».

Неміс философы Иммануил Кант (1724—1804) ақыл-ойды бірінші орынға қойған рационалист. Кант мәдениетті жеке тұлғаның және адамзат нәсілінің адамшылық дамуының арқасында мүмкін болатын кез келген мақсаттарды қою және соған сәйкес жасау еркіндігі деп түсінеді. Бостандық — жеке тұлғаның адамшылық негізі және мәдениеттің мақсаты. Яғни, Кант мәдениетті түсіну ең алдымен адамға жүгіну, адамшылық тұрғыдан қарастыруында деген.

XIX ғасырда мәдениет мәселелерімен тығыз айналысқан ғалымдардың бірі — ағылшын ойшылы Эдуард Тайлор (1832—1917) болды. Ол «Мәдениет жөніндегі ғылым — реформалар жөніндегі ғылым» деп тұжырымдай отырып, мәдениетті үздіксіз даму үстіндегі процесс деп қарастырды. Тайлор мәдениетке мынандай жалпылама анықтама береді. «Мәдениет пен өркениет кең, әрі этнографиялық мағынада — білімнен, наным-сенімдерден, өнерден, адамгершіліктен, заңдардан, салт-дәстүрлерден және қоғамның мүшесі ретінде адамның игерген дағдылары мен түрлі қабілеттерінен құралады». Нақты идеалды тұрғыдан қарастырсақ, мәдениет — жеке адам мен бүкіл қоғамды, адамның бақыты мен болашағы жолындағы құндылықтарды дамыту арқылы адамзат баласын жан-жақты жетілдіру болып табылады. Демек, Тайлор мәдениетке адамның ақыл-ойы мен еңбегінің жемісі ретінде, дәлірек айтқанда, материалдық және рухани құндылықтар ретінде қарады.

Тайлордың ілімінде барлық заттар мен идеялар «бір-бірінен туындап» жатады. Мұндай көзқарасты эволюциялық деп атау дәстүрге айналған. Оның ойынша, барлық ұлы адамдар өзінен бұрынғы әріптестерінің шығармашылық дәстүрін жетілдіріп, не соған сүйеніп отырады. Тайлордың басты жаңалықтарының бірі — мәдениет атауларының бастамасы, тіпті негізі болып табылатын «діннің шығуының анимистік теориясын» өмірге келтіруі. Бұл теория бастапқы қандай дін болса да (Тайлор оны «кішкентай дін» деп атаған) «тағы (дикарь) философтың» жанның қабілетіне, рухтың адам денесінен бөлініп шығатынына деген сенімнен шықты деген тұжырымға негізделген. Біздің көне замандағы ата-бабаларымыз үшін жұмбақ болған түс көру, галлюцинация, өліп-тірілу және тағы басқалары түсініксіз табиғат құбылыстары «кішкентай діннің» қалыптасуына әсерін тигізді.

Мәдениеттану ғылымының артықшылығына адамзат баласының мәдени-рухани жетістіктерін игеруге, мәдениеттің қалыптасуы мен өсіп-өркендеуін, негізгі мәдени бағыттарды меңгеруге және өзге ұлттарының мәдени жетістіктерін білуге, тануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қазақ халқының мәдени жетістіктерін, құндылықтарын бойына сіңіре отырып, өзін-өзі ұстау мәдениетті, білімді, көреген және әртүрлі этикеттерді білуге арналған.

Мәдениеттану пәнінің зерттеу объектісіне мәдениетке қатысты барлық оқиға, жәдігерлер, құндылықтар, мәдени бағыттар, тарихи тұлғалар және көптеген тағы басқа дүниелер жатады:

Жоғарыда аталған мәдениеттану ғылымын зерттеуге байланысты мәдениеттану пәнінің екі қырын атап өткен дұрыс.

- Іргелі мәдениеттану - мәдениет теориясы, мәдениет философия, мәдени оқиғалар мен мәдениеттану ғылымының категорияларын, әдістерін зерттейді;
- Қолданбалы мәдениеттану - теориялық негізде алынған білімді іс-жүзінде жүзеге асырып мәдени саясатты жоспарлап, бақылап, болжам жасайды. Мәдени жәдігерлерді, ескерткіштерді, жүйелерді басқару мен қорғауды жүзеге асырады. Мәдениет саласына жаңа технологияларды енгізіп, сандық көшірмесін жасайды.

Қолданбалы мәдениеттану адамның мәдениетке баулу қажеттілігінен туындайды. Қолданбалы мәдениеттану пәнінің мақсаты мәдениет технологиясы, мәдени процестерді басқаруға және болжауға арналған.